

Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім – тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ.

Рух болмаса, рухани мәдениет төбеден салп ете қалмайды... Адам таршылықтан емес, баршылықтан тозады деуші еді ақсақалдар. Бұл сөзді қазіргі қоғам растап отырғандай. Жалпы рухани мәдениет жайында өткен-кеткенді көп қозғадым. Қаншалықты қиын қыстау кездер болмасын, халқымыз өзінің ұлттық мүддесін ұмытпай, рухын сақтағанын айтқым келді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Орынбеков М.С. История философской и общественной мысли Казахстана (С древнейших времен по XII в.), А., ИРК, 132 б.
2. Қасымжанов А.Х., Мажиденова Д.М. Очарование знания. Фрунзе, Кыргызстан, 1990.
3. Культурные контексты Казахстана. История современности. А., Ниса, 1998, 57 б.
4. Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғәклиятты ой кешу үрдістері. Алматы, 2000
5. Қасымжанов А. Рухани тамырлар. //Қазақ, А., Білім, 1994, 97 б.
6. Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану; -Алматы, раритет 2006 .-4156-66.
7. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. : №7 498 бет.

**Кемельбаева Б.О.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және психология факультеті, топ МПс-51, магистрант  
(*Ғылыми жетекші - п.с.ғ.к., доцент Жансерикова Д.А.*)

## ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ МЕН РӨЛІ

Тұлғаның жеке басының маңызды сипаты - оның бағыты, адамның өмірде алға қойған мақсаттары, өзіне тән ұмтылыстары, оған сәйкес әрекет ететін себептері. Тұлғаның бағыты адамдарда дүниетанымның қалыптасуына ықпал ететін мұраттармен, сенімдермен және құндылықтармен анықталады.

Құндылық жүйесі адамның маңызды қасиеттерінің бірі, әлеуметтік болмысқа, өмірге деген көзқарасын білдіретін, жетілген тұлғаның сипаттамасы. Құндылық жүйесі адам мінез-құлқының мотивациясын анықтайды, оның іс-әрекетіне үлкен әсер етеді. Тұлғаның құндылық бағдары іс-әрекетке, қажеттіліктерді немесе мүдделерді қанағаттандыруға байланысты сол немесе басқа әрекетті орындау үшін ішкі дайындығын сипаттайды, белгілі бір жағдайда адамның мінез-құлқының бағытын көрсетеді.

Тұлғаның бағдары мен дүниетанымын зерттеу - құндылық бағдарлары - адамның өмірлік болашағының пайда болуы мен даму тенденциясын, олардың белгілі бір жас топтарының өкілдеріндегі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Құндылық бағдарлары адамның әлеуметтік шындыққа саналы қатынасын білдіреді және осы сапада оның мінез-құлқының мотивациясын анықтап, оның өмір тіршілігінің барлық салаларына айтарлықтай әсер етеді. Тұлға бағыттылығымен байланысты құндылық бағдарлары өте маңызды. Құндылық бағдарлар жүйелері адамның жеке басының бағыттылығының маңызды жақтарын анықтайды және оның қоршаған әлемге, басқа адамға, қоғамға, өзіне, дүниетаным негізіне, мотивациясына деген көзқарасының негізін құрайды.

Құндылық бағдарлар - шындықтағы объектілердің маңыздылығына қарай (оң немесе теріс) жіктеудің жолы бар. Жеке тұлғаның әлеуметтік және моральдық құндылығы оның бағыттылығын анықтайды. Тұлға бағыттылығын мазмұны, ең алдымен, жеке адамның қоршаған шындыққа үстем, әлеуметтік анықталған қатынасы. Бұл тұлғаның бағыт-бағдары, оның құндылықтық бағдары, ол әрекеттің тұрақты мотивтері мен адамның белсенді өміріндегі нақты көрінісі.

Әрбір азаматтық қоғам белгілі бір мәдениеттің өзіндік ерекшелігін, оның дамуының кез-келген сатысына тән ерекшеліктерін көрсететін өзіндік, өзіне ғана тән құндылыққа бағдарлау

жүйесін қалыптастырады. Әлеуметтену процесінде адам құндылықтардың жалпы көлемін игереді, негізінен қоғам тарататын, адамның құндылықты бағдарлау жүйесін зерттеу қоғамдағы әртүрлі өзгерістер жағдайында, социумның құндылық құрылымында өзгешеліктер пайда болып, идеалдар құлдырайтын және моральдық-құқықтық нормалар мен ережелер жойылған кезде қалыптасатындығы айқын болады [1, 23-25 б.].

Мұндай зерттеулер мен бақылаулар қоғамның әлеуметтік қайта құрылуының психикалық құрылымдар мен құбылыстарға жеке тұлға санасының әсер ету заңдылықтарын, жеке адамның да, сол немесе өзге әлеуметтік топтың да қашықтықтағы мақсаттарға жетуге бағытталған әлеуметтік мінез-құлқын анықтайтын механизмдердің мәніне ену заңдылықтарын неғұрлым тереңірек түсінуге ықпал етеді. Сондай-ақ нақты зерттеулер мен бақылаулар мәліметтері жеке тұлға мен әлеуметтік топтардың дамуы үшін анағұрлым өнімді модельдер құру үшін пайдалы және қажет.

Құндылық бағдарлары - бұл индивидтің жақын және алыс мақсаттар туралы ойларының көрінісі, қоршаған шындыққа субъективті-объективті қатынастарды сипаттайтын, жоспарланған немесе орындалған іс-әрекет, арнайы әлеуметтік топ ретінде жастарға тән белгілі бір өмір салтының әсерінен қалыптасады.

Қазіргі жастардың құндылық бағыттары бір-біріне әсер етеді. Алайда тұрақсыздықтың жалпы жағдайы топқа да, қоғамға да, жеке адамға да әсер етеді, құндылық бағдарларының, нормалардың, мінез-құлық ережелерінің, адамның әлеуметтену мен бейімделу процестерінің өзгеруі орын алады. Бұл шиеленісуге, адамның өзгермелі қоғамға кіруін қиындатуға әкеледі.

Құндылықтар деп қоғамға және жеке тұлғаға қажеттіліктерді қанағаттандыру құралы ретінде қажет объектілерді, құбылыстар мен олардың қасиеттерімен түсіндіріледі. Олар тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеру процесінде қалыптасады және оның мақсаттарында, сенімдерінде, мұраттарында, мүдделерінде бейнеленеді. Оларда студенттердің қалаған ниеттері көрініс табады. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын белгілі бір құндылықтардың қалыптасуында жеке тұлғаның физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуының бірлігі көрінеді.

Қазіргі әлемдегі жастардың өмірлік бағыттарын, құндылықтарын мен қажеттіліктерін зерттеу қоғамның көптеген аспектілері мен оның даму тенденцияларын талдауға қолайлы негіз болып табылады. Себебі, жастар қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің жақсы «барометрі». Әдетте, 14-30 жас аралығындағы адамдарды жастар қатарына жатқызып, ал басқаолар қалыптасқан тұлғалар болып табылады, ал екінші жағынан олардың құндылықтары қоршаған шындықтың әртүрлі әсеріне икемді болып келеді [1, 56 б.].

Бұл әлеуметтік топқа деген қызығушылық, бүгінгі таңда әсіресе жастар үшін өте қиын екендігімен анықталады, өйткені қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайда өзіне керек мамандықты тандап, мақсат қойып, өмірлік жолын анықтауы қажет. Жастар - бұл әлеуметтік өзгерістер мен инновациялық күштердің маңызды факторы. Жастардың мағыналық бағдары мен құндылықтарының мағынасын зерттеу біздің қоғамымыздың бүгіні мен болашағын түсінуге айтарлықтай әсер етеді.

Соңғы жылдары қоғамда көптеген экономикалық қайтақұрулар, білім және мәдениет салаларындағы реформаларды болды, біз өмірді және қоғамды ұйымдастырудың жаңа принциптерін құру процесін байқаймыз. Сонымен қатар, адамдардың ұжымдық ойлау тәсілі мен топта тіршілік етуінениндивидуалды ойлауға қабілеттілігі мен өмір салтына көшу жасалды. Көптеген адамдар жалғыздық, невротизм проблемаларын бастан кешіре бастады. Адамдар қоршаған қоғамдағы өз орнын анықтауға қабілетті болмады.

Қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформалар мен қайтақұрылуларға қарамастан мәдениет, білім және руханият деңгейінің төмендеуі байқалады. Бұл әлеуметтік қоғамдық құндылықтар мен мұраттардың, өмірлік мағыналық бағыттардың бұзылуының басты себептерінің бірі. Тұлғаның ішкі қайшылықтары да осы жағдайға байланысты күшейе түседі: нарықтық жаңа ұстанымдар мен адамдар өмірінің қағидаттарын айқындайтын жүргізіліп жатқан реформалар адамның дербес азаматтық позициясы мен тәуелсіздігіне, өзінің азаматтық ұстанымының дамуына негізделген.

Бұл адам үшін заманауи қоғамдағы жаңа талап, оның психологиясы ұжымдастыру, қауымдастық қағидаттарына мен идеалдарына сай келеді. Нәтижесінде жалғыздық сезімі рухани және эмоционалды болады. Бұл қазіргі кезде тұлғаның дамуының семантикалық бағытын бұзу процесін анықтайтын ең көп кездесетін мәселелердің бірі. Адамдардың өздерінің өмірлік мағыналық тұжырымдамалары мен бағыттарын айқындауы өмір сүру жағдайларының ең

маңыздысы, сонымен қатар қазіргі заманның дамуы мен қалыптасу мәселелерінің бірі болып табылады.

Бұдан шығатыны, әр адамның сәйкесінше өзінің, терең өзіндік жеке мәні мен мақсаты, өзіндік өмір жолы бар. Бұл тұжырымдама бізге психология ғылымы миллиондаған жеке мағыналар және өмір құндылықтарымен жұмыс жасай алмайтындығын анықтауға мүмкіндік береді; ол белгілі бір топтарды біріктіретін ұқсас мағыналарды ұсына отырып, оларды топтастыруға мәжбүр болады.

Қазіргі әлемде қоғам дамуының гуманистік тұжырымдамалары жаңа қоғамдық тәртіпке көшуге байланысты өзгеріп отырады, мұнда қоғам дамуының негізгі идеясы даралық және өзіндік өмір сүру принциптеріне негізделген.

Қоғамның түрлі қауымдастықтарының дағдарыстық жағдайы қоғамның көптеген таптарының құндылықтық бағыттары мен мұраттарының жойылуына әкелді. Бұдан шығатыны, әр адам іс жүзінде қоршаған ортадағы құбылыстарды қабылдауға мүмкіндік беретін «өз заңдарының» жүйесін құруға ұмтылады. Бұл заңдылықтар өмірдің жақын және алыс жоспарларымен байланысты қоршаған шындықты қабылдаудың жалпы формасы ретінде өмірлік мағыналық бағдарларды қалыптастыруға негіз болып табылады [2].

Өмірдің мәні туралы мәселеде басымдыққа ие қоғамдық қатынастар да, адамның өмірбаянының ерекше белгілері, яғни оның психикасының құрылысы, дүниетанымының ерекшеліктері, өмірді қабылдау тәсілі де өзгереді. Бұл сұрақты бүкіл қоғамдық санаға енетін ең маңызды деп атауға болады. Нақты сұраққа бір шешімге келіп, жауап беру мүмкін емес, өйткені өмірдің мәні - бұл тұлғаның қатынасы, жеке адамның бұл өмірде не істегенін немесе нені іске асыра алмағандығын бағалауды білдіретіндігінде. Басқаша айтқанда, өмірдің мәні адамның өмір тіршілігіндегі оның мұраттарының көрінісі деп айта аламыз.

Тұлға психологиясындағы өмірлік мәні бар құндылықтардың психологиялық тұжырымдамаларын қарастырғанда, нақты құбылыстың іс-әрекетінің ішкі процестері зерттеледі. Әлеуметтік-психологиялық заңдармен танысу әлеуметтік топтардың құндылықты және мағыналы көзқарастарын қабылдауда шешуші болатын процестерді анықтауға көмектеседі, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық реформалар мен қайтақұруларға қоғамның болашақ психологиялық реакциясын болжай алады. Адам өмірінің мәні мен оның қоғамдағы мақсатын психологиялық тұрғыдан қарастыру бізге белгілі бір уақыт кезеңінің жетілдірілген модельдерін ұсынатын жалпыадамзаттық құндылықтар мен мағыналарды қалыптастыратын «сыртқы» әсерлер мен жағдайлардың ретін анықтауға мүмкіндік бер

Осыған сәйкес, өмірлік мәні бар бағыттардың психологиялық тұжырымдамаларының проблемалық мәселелерін жалпы қарастыру үшін оны өмірдің мәні туралы ұғымдарды философиялық түсінуге қажет тартымдылық ретінде қабылдауға болады. Сонымен қатар, өмірдің мәні, өмір сүру мәселелері философиялық білім контекстінде үнемі зерттеліп отырды.

Айналадағы шындықта адамдар үшін оларға ешқандай құндылық қатынасын білдірмейтін, зейін аударуды қажет етпейтін құбылыстар өте аз. Сондықтан құндылықтар табиғат құбылыстары, қоғам, адамның іс-әрекеттері мен сезімдері сияқты алуан түрлі. Алайда, жеке тұлға үшін құндылықтар диапазоны, яғни оған қызығушылық тудыратын құбылыстар шектеулі болуы мүмкін. Жеке тұлғаның шектеулігі, оның өмірлік құндылықтарының, өмірлік мүдделерінің шектеулі саны мен табиғатынан көрінеді.

Қоғамдағы құндылықтардың алуан түрлілігі оларды жіктеуді қажет етеді.

Қазіргі аксиологияда бұл мәселені шешудің бірыңғай тәсілі жоқ екенін атап өткен жөн. Сонымен, әртүрлі тұжырымдамаларда кездесетін осы мәселеге қатысты көзқарастарды жинақтай отырып, құндылықтарды келесі негіздер бойынша жіктеуге болады: қоғамдық өмір салаларына сәйкес; субъектілер немесе құндылық тасымалдаушылары бойынша; қоғамдағы құндылықтардың рөлі туралы.

Қоғамдық өмірдің негізгі салаларына сәйкес әдетте құндылықтардың үш тобы бөлінеді: материалдық, қоғамдық-саяси, рухани. Бұл аталған құндылықтардың әрқайсысының өзіне тән өзгешеліктеріне қарамастан, олар бір-бірімен тығыз байланысты және бұлардың әр түрінде басқа құндылық түрінің аспектісінде кездеседі. Бұл жалпыадамзаттық маңызды құндылықтар - өмір, денсаулық, бостандық және т.б.

Жоғары құндылықтар тобының ішінде өмір құндылық ретінде (өмір құндылықтары), денсаулық құндылық ретінде және еркіндік құндылық ретінде әрқашан ерекше ерекшеленеді.

Индивид үшін өмірдің мәні ең жоғары құндылықтарға жатады, өйткені ол басқа барлық құндылықтар фундаменті мен шыңы болып табылады. Өмірдің құндылығын түсінуге

байланысты адамдар арасындағы қатынас пен қоғамның адамға деген қатынасы да қалыптасады [3].

Егер бірінші жағдайда өмірдің мәні жеке аспект ретінде қарастырылса, екінші жағдайда - әлеуметтік аспектіде, яғни бұл жағдайда өмірдің мәні жеке адамның өзі үшін ғана емес, қоғам үшін де анықталады.

Енді денсаулық құндылық ретінде. Денсаулық - бұл табиғи, абсолютті және ұзақ мерзімді құндылық, құндылықтардың иерархиялық сатысында жоғары сатылардың бірін алады. Денсаулық жағдайы адам өмірі мен қоғамның барлық салаларына әсер етеді. Сонымен, белгілі бір адамның өмірінің толықтығы мен қарқындылығы оның денсаулығының деңгейіне, оның «сапалық» сипаттамаларына тікелей байланысты. Өз кезегінде, халықтың денсаулығы еңбек ресурстарының сапасына, әлеуметтік еңбек өнімділігіне және сол арқылы қоғамның экономикалық даму динамикасына үлкен әсер етеді.

Бостандық құндылық ретінде адам үшін өте маңызды. Бұл категорияның философиялық мағынасын келесі анықтамамен білдіруге болады: бостандық дегеніміз - адамның объективті қажеттілік танымына сүйене отырып, өзінің мүдделері мен мақсаттарына сәйкес әрекет ету қабілеті.

Бостандық әрқашан және барлық жерде үлкен құндылық болып қала береді. Басқа жағдайлар сияқты, егер адам оны саналы сезіне білсе, бостандық құндылыққа айналады.

Бостандық - бұл барлық адамдардың өркениет жетістіктерімен тең дәрежеде пайдалануы, өз тағдырымен еңбегінің жемісін пайдалану құқығы. Бостандық - бұл таңдау. Саналы түрде жасалған кез-келген таңдау сияқты, ол жеке адам үшін альтернативті мүмкіндіктердің біреуін таңдаумен және екіншісінен бас тартуымен байланысты. Таңдау жеке тұлғаның келесі іс-әрекетінің шектеуіне айналмауы үшін, ол маңызды ережені басшылыққа алуы керек: әр кез таңдау жасаған кезде адамның келешек ұмтылыстарының дәрежелері төмендемей, керісінше кеңейіп, адамға өзінің жаңа кәсіби, моральдық және зияткерлік әлеуетін ашуға мүмкіндік беруі керек.

Мағыналы құндылықтар тұлғаның құндылық бағдарларына айналады.

Тұлғаның құндылық бағдарлары туралы түсінік ғылыми лексикаға ХХ ғасырдың 20-жылдарында енгізілді. Әлеуметтанушылар В.Томас және Ф.Знанецкий құндылық бағыттылықты тұлғаның мінез-құқы реттейтін әлеуметтік бағдар ретінде қарастырды. Осылайша тұлғаның құндылық бағдары зерттеу пәніне айналды.

Құндылық бағдарларының жиынтығы жеке адамның тұрақтылығын, белгілі бір мінез-құлық пен іс-әрекеттің, оның қажеттіліктері мен мүдделерінің бағытында көрініс табатындығын қамтамасыз ететін сананың белгілі бір осін құрайды. Осыған байланысты құндылық бағдарлар тұлға мотивациясын реттейтін және анықтайтын маңызды фактор болып табылады [4].

Дамыған құндылық бағдарлар адамның жетілуінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші болып табылады. Адамның маңызды құндылық бағдары - патриотизм, ұжымшылдық, гуманизм, шығармашылық.

Құндылық бағдарларының тұрақты жиынтығы тұлғаның келесідей сапаларын анықтайды: сенімділік, белгілі бір қағидаттар мен мұраттарға адалдық, осы мұраттар мен құндылықтарға жету жолында ерік-күш жұмсауға қабілеттілік, адамның өмірлік ұстанымындағы белсенділік, мақсатқа жетудегі табандылық.

Құндылық бағдарларындағы қарама-қайшылықтар мінез-құлықтың сәйкессіздігін тудырады. Құндылық бағдарларының дамымауы инфантилизмнің белгісі (балалық шақтың қасиеттері), сыртқы стимулдардың тұлғаның ішкі құрылымынан үстемдігі. Жеке тұлғаның жеке құндылық құрылымын қалыптастыру әлеуметтену процесінің маңызды факторы болып табылады, ол арқылы адам бүкіл әлеуметтік қатынастарда қоғамның толыққанды мүшесі болады.

В.А.Ядов жеке тұлғаның әлеуметтік мінез-құлық реттеудің диспозициялық концепциясын жасады. Бұл концепцияның негізгі идеясы - адам өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттейтін иерархиялық түрде ұйымдастырылған әртүрлі диспозициялық қайтақұрулардың күрделі жүйесін меңгерген.

Бұл жүйенің әр деңгейі үш компоненттен тұрады: қажеттілік, индивидтің әлеуметтік іс-әрекеттің әртүрлі салаларына қатысуы бойынша жіктелген; индивид әрекет ететін және белгілі бір қажеттіліктерді «қанағаттандыратын» жағдай, индивидтің мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттейтін диспозициялық білім.

Индивидтің құндылық бағдарлау жүйесі жеке тұлғаның дамуының жоғары деңгейінде қалыптасады және тұлғаның оның әлеуметтік іс-әрекетінің маңызды жағдайларында мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттейді, ол адамның өмір мақсаттарына және осы мақсаттарды қанағаттандыру құралдарына қатынасын білдіреді.

Көптеген зерттеушілер индивидтің құндылық бағдарларының жүйесін қалыптастыруға үлкен мән берді. П.М.Якобсон тұлғаның жетілуінің психологиялық аспектілерін ажыратып және оның әлеуметтік жетілу критерийлерін зерттей отырып, тұлғаның дамуы динамикасындағы қоғам құндылықтарын, нормаларын, талаптары мен ережелерін меңгерудегі құндылықтар рөлінің маңыздылығын атап өтті [5].

Сонымен, тұлғаның құндылық бағдарлау жүйесін қалыптастыру әртүрлі зерттеушілер үшін ерекше назар аударатын көп жоспарлы зерттеу нысаны болып табылады. Мұндай мәселелерді зерттеу жеткіншек шақта ерекше маңызға ие, өйткені онтогенездің осы кезеңімен құндылық бағдарларының даму деңгейі байланысты, бұл тұлғаның бағыттылығына және оның белсенді әлеуметтік ұстанымына шешуші әсер ететін арнайы жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Құндылық - бұл шындықтың көптүрлі компоненттерінің объективті мәні, оның мазмұны қоғам субъектілерінің қажеттіліктері және қызығушылықтарымен анықталады. Құндылықтарға қатынас - бұл құнды қатынас.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. 3-е изд., доп. М., 2007. — 511 с.

2. Жуков Ю.М. Ценности как детерминанты принятия решений. Социально-психологический подход к проблеме // Психологические проблемы социальной регуляции поведения / Отв. ред. Е.В. Шорохова, М.И. Бобнева. М, 1976. — С. 254-285 с.

3. Селиванова З.К. Смыслжизненные ориентации подростков // Социс, 2001, № 2, С. 87—92.

4. Орлов Ю.М. Личность и сущность: внешнее и внутреннее «Я» человека // Вопросы психологии. — 1995. - №2.

5. Чирков В.И. Самодетерминация и внутренняя мотивация поведения человека // Вопросы психологии. 1996. №3. С.119.

**Кенжегузинова Г.У.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Философия және психология факультеті, МПС-51, 1 курс магистранты

*(Ғылыми жетекші - психология ғылымдарының кандидаты, доцент Алимбаева Р.Т.)*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ**

Отбасы мәдениеттің маңызды әлеуметтік институттарының бірі болып табылады. Дәстүрлі түрде, отбасы тұрмыс орталығы мен өзара жауапкершілігімен байланысты адамдардың неке мен қанды туыстық бірлестігі ретінде анықталады. Бастапқыда отбасылық қатынастардың негізін неке құрайды. Неке - бұл әйел мен еркек арасындағы қарым-қатынастардың тарихи өзгермелі әлеуметтік нысаны, ол арқылы қоғам олардың жыныстық өмірін ретке келтіреді және санкциялайды, олардың ерлі-зайыптылық және туыстық құқықтары мен міндеттерін белгілейді, әдетте, некеден гөрі, ол тек ерлі-зайыптыларды ғана емес, олардың балаларын да, сондай-ақ басқа да туыстарын біріктіре алады. Сондықтан отбасын тек неке тобы ретінде ғана емес, әлеуметтік-мәдени институт ретінде де қарастыру керек.

Қазіргі жағдай отбасына деген қызығушылықтың жандануымен сипатталады. Дәл қазір үкімет қоғамның негізгі ұяшығы ретінде "дені сау отбасы" бейнесін насихаттай бастады. Бұл қазіргі отбасы өміріндегі қиындықтар мен проблемалардың өсуіне байланысты.

Отбасылық қарым - қатынастар тарихы махаббаттан басқа, некеге тұрудың түрлі себептерін біледі-бұл саяси мәселелерді шешу, әлеуметтік мәртебені көтеру және материалдық мәселелерді шешу. Қазіргі заманғы некелер, негізінен, ерлі-зайыптылардың еркін таңдауына негізделген, әрдайым махаббат қарым-қатынастарына, жеке сезімдеріне сүйенбейді.

Қазіргі қоғамның дамуымен бірге жүретін әлеуметтік мәселелер, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлердің елеулі өзгерістеріне алып келді: жыныстардың қарым-қатынасының әдеттегі нысандары бұзылып, некенің құндылығы туралы түсініктер өзгеруде, неке-отбасы қатынастарының баламалы нысандарын насихаттау өсіп келеді. Бұл жағдайда жастарды қоғамның негізгі ұясы ретінде неке мен отбасына дайындау ерекше маңызға ие